«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама

2018 жылғы **"14" мамыр № 850**

Атырау облысы ішкі мемлекеттік аудит Департаменті

2015 жылы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес

2018 жылғы "14" мамырда анықталған бұзушылықтарды

«Атырау облысы Білім басқармасы» ММ-сі, Атырау қаласы,Әйтеке би,77 БСН: 910640000108 хабардар етеді.

Заңның 31-бабы 2-тармағына сәйкес Сізге осы камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) берген күннен (алғаннан) кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындау қажет.

Қарсылықты қарау нәтижелерін ескере отырып, хабарламадағы көрсетілген бұзушылықтар жойылған жағдайда, хабарлама орындалды болып есептеледі.

Мемлекеттік аудит объектісі бұзушылықтарды жою туралы мәліметті, веб-портал арқылы камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 6-қосымшасына сәйкес хабарламаны ұсынған уәкілетті органға жолдайды.

Қағиданың 11 тармағына сәйкес, егер мемлекеттік аудит объектісі хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, хабарлама веб-портал арқылы жеткізілген (алған) күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес уәкілетті органға қарсылық жіберуге құқылы.

Егер қажет болған жағдайда қарсылыққа негіз ретінде растайтын құжаттардың көшірмелері қарсылыққа қоса беріледі.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау мемлекеттік аудит объектілерінің кодтары мен қазынашылық органдарда ашық шоттары бойынша, Заңның 32-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектілерінің банк шоттары (корреспонденттік шоттарды қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға, сондай-ақ "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 462-бабы 3-бөлігіне сәйкес лауазымды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тартуға әкеп соғады.

Заңның 60-бабына сәйкес мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының және (немесе) олардың лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін. Анықталған бұзушылықтардың сипаттамасы бар қосымша _4__ парақта.

Ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның басшысының орынбасары
Анжанов.Б.А
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)) (қолы)

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаға қосымша

Менімен,**Телишева Гулжайнап Аманжановна- Атырау облысы ішкі мемлекеттік аудит Департаментінің мемлекеттік сатып алу аудит бөлімнің басшысы**

(лауазымы, уәкілетті органның атауы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына сәйкес, **«Жас қоғам" ЖБДҚ» ЖҚ-нің 20.04.2018 жылғы №11891 арызы негізінде,** мемлекеттік сатып алу порталы арқылы камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаудың нәтижесімен келесі бұзушылық (тар) анықталды:

«Атырау облысы Білім басқармасы»(Ұйымдастырушы,Тапсырыс беруші) мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін 16.01.2018 жылы жарияланған **№2435560-1** «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша 2018 жылы Атырау облысы білім берудің міндеттерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтер*»)* сонің ішінде 2 лот(№18046872-ГСЗ1 Услуги по организации/проведению мероприятий в рамках реализации государственного социального заказа*(жоспарлы* сомасы 5 357 142.86 теңге), №18047943-ГСЗ1 Услуги по организации/проведению мероприятий в рамках реализации государственного социального заказа (жоспарлы сомасы 4 464 285.71теңге)), ҚР «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының (бұдан әрі - Қағида) 233,235 тармақтары сақталмай, конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындапжәне оларды конкурс қатысушысы ретінде таныған, Қағидалардың 233-тармағымен көзделген әлеуетті өнім берушілермен ұсынылған техникалық ерекшеліктерді бағалау үшін баллдарды есептеген, конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілермен ұсынылған конкурстық баға ұсыныстарына осы Қағидалардың 233-тармағында көзделген техникалық ерекшелікті бағалау үшін конкурстық комиссия берген баллдарға қарап шартты азайту бағасын қолданынған:

1) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 19.04.2018 жылғы №2158756 қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес №18047943-ГСЗ1 лот бойынша "Номад" ҚБ, "Шанырақ-2008" ҚБ, "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ және "Орталық Азиядағы Халықаралық әйелдер қауымдастығы" ҚБ өтінімдерін ұсынып, конкурсқа қатысуға "Номад" ҚБ, "Шанырақ-2008" ҚБ, ""Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ жіберілген.

Қағиданың 233 тармағында *«ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді: 1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі; 2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес); 3) Егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және нысаны, өткізу орны мен мерзімі); 4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері; 5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;*

б) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы» көрсетілген.

Сондай-ақ, осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептелінеді.

Тапсырыс берушінің аталған лот бойынша Конкустық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерешелігінде *«Тьюторское сопровождение в работе с детьми с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных школах»* енгізілген.

"Шанырақ-2008" қоғамдық қорының конкурстық өтінмін қарау барысында ұсынылған Конкурстық құжаттамаға 6-қосымша Біліктілігі туралы мәліметтер және соған тиісті растаушы құжаттар(көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелер), сонің ішінде12-Қосымшасының 5 тармағының «әлеуетті өнім берушінің екі жылдан бес жылға дейінгі әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы жұмыс тәжірибесі» бойынша -2% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-6% қойылған.

12-Қосымшасының 1 тармағының «Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі» бойынша -0% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-1% қойылған, себебі *«Оказание психологической и юридической помощи для развития семейных форм воспитания детей-сирот и детей»* техникалық ерешелігін ұсынған болатын.

12-Қосымшасының 3 тармағының «Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)» бойынша -0% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-6% қойылған, себебі жоғарыда айтқандай, тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары *«Оказание психологической и юридической помощи для развития семейных форм воспитания детей-сирот и детей»* техникалық ерешелігіне сәйкес жасақталған.

"Номад" қоғамдық қорының конкурстық өтінмін қарау барысында ұсынылған Конкурстық құжаттамаға 6-қосымша Біліктілігі туралы мәліметтер және **соған тиісті растаушы құжаттар**(көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелер,Ескертпе1 тармағы) ұсынбаған.

Сондықтан, 12-Қосымшасының 5 тармағының «әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болмауы» бойынша -0% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-4% қойылған.

12-Қосымшасының 1 тармағының «Тапсырыс берушінің техникалық ерекшеліктерінің талаптарына әлеуеттік өнім берушінің ұсынатын жобасының сәйкес келуі» бойынша -0% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-2% қойылған, себебі *«Жетім балалар мен ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасы құрылымын дамыту мақсатында ата-аналарға және жайсыз отбасыларға психологиялық құқықтық көмек»* техникалық ерешелігін ұсынған болатын.

12-Қосымшасының 3 тармағының «Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізу орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың аты-жөні, тегі)» бойынша -0% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-6% қойылған, себебі жоғарыда айтқандай, тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары *«Жетім балалар мен ата-аналардың қамқорлығынсыз қалған балалардың отбасы құрылымын дамыту мақсатында ата-аналарға және жайсыз отбасыларға психологиялық құқықытық көмек»* техникалық ерешелігіне сәйкес жасақталған.

"Жас қоғам" ЖБДҚ" жеке қорының конкурстық өтінмін қарау барысында ұсынылған Конкурстық құжаттамаға 6-қосымша Біліктілігі туралы мәліметтер және **соған тиісті растаушы құжаттар(көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелер),** сонің ішінде12-Қосымшасының 5 тармағының *«әлеуетті өнім берушінің бес жылдан жоғары <u>әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы жұмыс тәжірибесі</u>»* бойынша -3% қоюға тиісті, алайда, комиссиямен бағалау өлшемшарттары-6% қойылған.

"Орталық Азиядағы Халықаралық әйелдер қауымдастығы" қоғамдық қорының конкурстық өтінмін қарау барысында ұсынылған Конкурстық құжаттамаға 6-қосымша Біліктілігі туралы мәліметтер және соған тиісті растаушы құжаттар(көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелер) ұсынбаған, Сондықтан, 12-Қосымшасының 5 тармағының «әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болмауы» бойынша -0% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-1% қойылған.

Сонымен қатар, Қағиданың 234 тармағының «233-тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді» және 237 тармағының «Техникалық ерекшелігінің қорытынды бағасы 8 баллдан төмен әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді» деген талаптары сақталмай, "Шанырақ-2008", "Номад" қоғамдық қорлардың конкурстық өтінімдерін негізсіз конкурсқа қатысуға жіберілген. .

2) Жоғарыда аталған қорытындылары туралы хаттамасына сәйкес **№18046872-ГС31** лот бойынша "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ, "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ және "Орталық Азиядағы Халықаралық әйелдер қауымдастығы" ҚБ өтінімдерін ұсынып, конкурсқа қатысуға "Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" ҚБ "Жас қоғам" ЖБДҚ" ЖҚ жіберілген.

"Атырау облысы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы" қоғамдық қорының конкурстық өтінмін қарау барысында ұсынылған Конкурстық құжаттамаға 6-қосымша Біліктілігі туралы мәліметтер және **соған тиісті растаушы құжаттар(көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелер,Ескертпе1 тармағы)** ұсынбаған.

Бұл ретте 12-Қосымшасының 5 тармағының *«әлеуетті өнім берушінің бес жылдан жоғары <u>әлеуметтік бағдарламалар мен жобаларды іске асыру саласындағы жұмыс</u>*

тәжірибесі» бойынша -0% қоюға тиісті, алайда, комиссиямен бағалау өлшемшарттары-6% қойылған.

Сондай ақ, **"Жас қоғам" ЖБДҚ"** жеке қорының Конкурстық құжаттамаға 6-қосымша Біліктілігі туралы мәліметтер және соған тиісті растаушы құжаттар(көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелер) ұсынбаған, Сондықтан, 12-Қосымшасының 5 тармағының «әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болмауы» бойынша -3% қоюға тиісті, алайда, бағалау өлшемшарттары-6% қойылған.

Жоғарыдағылардың негізінде, анықталған бұзушылықтар қағиданың 2-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады.

Мемлекеттік сатып алу аудит бөлімнің басшысы **Г.Телишева**